




«Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды.»

Ы.Алтынсарин

**Ыбырай Алтынсарин
(1841-1889)**





I Бөлім

Кәсіби білім негізін қалаушы

Ғалым

Стратег

Педагог

Маркетолог



Сәулетші

Менеджер

Дидакт



Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды.

ЖЫЛДАР**МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР**

| | |
|--------------------|--|
| 1841 жылы 20 қазан | Қостанай облысы Затабол ауданында туған. |
| 1850 жылы | Орынбордағы қазақ балаларына арнап ашылған жеті жылдық орыс-қазақ мектебіне барған. |
| 1857 жылы | «өте жақсы» деген бағамен бітірген. |
| 1859 жылы | Орынбордағы шекаралық комиссияға тілмаш болған. |
| 1859 жылы | Орынбордағы шекаралық комиссияның төрағасы, Шығысты зерттеуші белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьевпен жақын танысады. |
| 1860 жылы | Торғай мектебіне мұғалім болып тағайындалады. |
| 1864 жылы | Торғайдағы мектепті ашады. |
| 1876 жылы | Петербург, Қазан қалаларына барады. |
| 1876 жылы | «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кіріседі. |
| 1879 жылы | «Қазақ хрестоматиясы» Орынборда басылып шығады. |
| 1879 жылы | Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. |
| 1881 жылы | Орск қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылады. |
| 1879-1883 жылдары | Торғай қаласының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троиц, Ақтөбе) мектептер ашылады. |
| 1983 жылы | Торғайда қолөнер мектебі ашылады. |
| 1983 жылы | «Мұсылмандық тұтқасы» оқу құрал жазып шықты. |
| 1887 жылы | Ырғызда тұңғыш қыздар мектебі ашылады. |
| 1987 жылы | Қазақ балалары жататын 25 орындық интернат салдырды. |
| 1889 жылы | Ауыр науқастан 48 жасында қайтыс болады. |

Ағартушылық еңбегі

Ыбырай "Қазақ хрестоматиясына" кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның "Кел, балалар, оқылық!", "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері осындай мақсатта туған. "Кел, балалар, оқылық!" өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады:

Оқысандар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айта отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады.

Мал, дәулеттің байлығы –
Бір жұтасаң, жоқ болар.
Оқымыстың байлығы –
Күннен күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі саркылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай "Өнер-білім бар жұрттар" атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.


Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
...Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны "тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын" елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты.





ШЫҒАРМАЛАРЫ:

- ◆ “Қазақ хрестоматиясы”(1879 ж оқулық)
- ◆ “Кел, балалар, оқылық”, “Өнер-білім бар жұрттар, Асан мен Үсен”, “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Әдептілік”, “Әке мен бала”, “Таза бұлақ”, “Өзен” және т.б.




Обложка Хрестоматии Алтынсарина, изданной в 1879 году.



Дозволено цензурою. С-Петербургъ, 20 Сентября 1899 года
Типо-Литографія наследниковъ М. Чирковой въ Казани.



**Торғайда ашқан ең
алғашқы мектеп**



**Қостанайда ашқан
орыс-қазақ мектебі**



Ыбырай Алтынсарин оқушыларымен бірге



Арқалық қаласындағы Ыбырай
Алтынсарин атындағы мемлекеттік
педагогикалық институт

